

Е. Бахбергенов, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: Ө. А. Тұрғанов, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ТЕРРОРИЗМНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Терроризм — қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында не мемлекет, не қоғам қайраткерлерінің қызметін тоқтату немесе осындай қызметі үшін кек алу мақсатында жеке тұлғаларға немесе ұйымдарға қатысты құқыққа қарсы қылмыстық жазаға тартылатын әрекет немесе соны жасаймын деп қорқыту болып табылады¹.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 233-бабы бойынша: «Терроризм, жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де іс-әрекеттер жасау, егер осы іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған іс-әрекеттерді дәл сол мақсатқа жасаймын деп қорқыту» болып табылады².

Терроризм мәселесі соңғы уақытқа дейін елімізде ұлттық қауіпсіздікке нақты қауіп төндіретіндей дәрежеде емес, ал ықтимал қауіп-қатер ретінде ғана қарастырылып келді, сондықтан бұл мәселе біздің мемлекетімізге үлкен қауіп тудырып отыр. Оған дәлел ретінде Елбасымыз Н. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауында: «Мемлекет пен азаматтар радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлерімен бой көрсетулеріне қарсы біртұтас шеп құруға тиіс.

Діни экстремизм қауіпі ерекше алаңдаушылық тудырып отыр. Дінбасылар да ортақ алаңдаушылық білдіруде. Біз Жаратушыға деген кіршіксіз сенімнің агрессиялы және қырып-жойғыш фанатизммен алмасуына жол бермеуіміз керек. Біз діни радикализм мен экстремизмнің пайда болуын бейтараптандыру мақсатында заңдарымызды жетілдіруіміз керек. Біз терроризмге қарсы заңдарды да жетілдіруге тиіспіз. Мемлекет қайдан бой көтерсе де, радикализм мен экстремизмнің жолын кесу керек» - деп көрсетілген³.

Қазақстандық және шетелдік сарапшылар терроризм көріністерін Қазақстанда бұрын да орын алғандығын пайымдауда. Осы ретте кейбір зерттеушілер 1992 жылғы ақпанда Шымкент қаласының әуежайында кепілге адам алумен байланысты оқиғаларды қарастырады. Басқалар 2000 жылы Алматының орталығында қарулы экстремистік топтың мүшелерін жойып жіберу мысалын келтіреді. Бірақ бұлар терроризмнің жекелеген, жергілікті көріністері болатын және де бұл әрекеттер көбінесе криминалды сипатта еді.

Сарапшылар қазіргі кезде Қазақстанда тұрақтылықтың шайқалуына негізгі себеп «Шыдамдылық діни сенімді шектеуге бастайтын, мемлекеттік мекемелерде намаз оқуға тыйым салған дін туралы қабылданған жаңа заң» екенін айтады. «Қазақстан үкіметі жарылыстарды елдегі исламдық экстремизммен байланыстырғысы келеді, бірақ мұндай жағдайға басқа да себептер бар. Олардың қатарына елдегі саяси және экономикалық жағдайды қосуға болады. 2008 жылы елде болған экономикалық дағдарыс пен теңгенің девальвацияға ұшырауын, Қазақстанның Ресей және Беларусьпен бірге кеден одағына кіруін, осыған қатысты азық-түлік, өзге де тауарлар бағалардың өсуін айтады. Ел байлығының халыққа жетпей отырғандығының анық бір көрінісі ретінде Атырау мен Маңғыстау облысындағы мұнайшылардың ереуілін мысалға келтіреді.

Елбасымыздың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында және осыған дейінгі жолдауларына сүйене отырып, Елбасымыздың

ерекше орынға елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыру, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін — ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтау болашақ ұрпақты отаншыл рухта тәрбиелеуді атап өткенін байқаймыз. Яғни келер ұрпақтың патриоттық сезімін ояту, ұлттық сананы қалыптастыру, отанға деген жанашырлығын арттыру болып табылады. Бұл тек мемлекеттік деңгейдегі саясат ретінде ғана емес, қоғамдық, отбасылық деңгейде қарастырылғаны жөн. Бәрімізге мәлім «Отан — отбасынан басталады», яғни баланың тұлға ретінде қалыптасу процесінде оған дұрыс бағыт, тәрбие беру.

Жастардың, отбасылар арасындағы өткізілген іс шараларды арттыру, оларды қызықтыру, бос уақытты азайту барысында бағдарламалар жүргізген жөн. Ондай бағдарламалар бар, бірақ олар аздық етуде. Мәселен, «Ана мен бала», «Әкем, анам және мен», «Толағай» және т. б. Мектеп қабырғаларында, орта, жоғары оқу орындарында спорттық, көркем-өнерпаздық және басқа да бағыттағы үйірмелерді ашу қажет.

Стратегиялық инфрақұрылым объектілерін (мұнай-газ құбырлары, су-жылумен қамту кәсіпорындарын), сондай-ақ мемлекеттік маңызы бар басқа да объектілерді ғана қорғауға ерекше ден қоймай, сонымен қатар терроризмнің салдарынан болған төтенше жағдайларда тұрғындарды да қорғауға бағытталған шараларды да қатар күшейту. Мәселен жер сілкінісі секілді стихиялық апат кезіндегідей, азаматтардың өздері де, тиісті қызметтер де дағдарысты жағдайда қалай әрекет ету керектігін білуі тиіс.

Осы баяндамада аталғандай террористік әрекеттер көбінесе сыртқы фактордың әсерінен орын ала бастағанын байқаймыз, сол себепті шекаралық қызметке, кеден қызметіне ерекше көңіл бөліп, сырттан келетін келімсектерді терең тексеруден өткізу арқылы және шет елден заңсыз келген, оның ішінде Өзбекстан, Қырғыз елінен, Тәжікстан т. б. мемлекеттерінен қызмет барысында келген азаматтар ұсталған жағдайда оларды тек қана өз елдеріне қайтарып қана қоймай, арнайы ақпараттық база құрып, оларды сырт бейнесі мен жеке басын растайтын барлық мәліметтерді енгізу керек. Бұл, осындай қылмыстармен күресуге өз үлесін тигізеріне сенімдіміз.

¹ Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы күрес туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-1 заңы.

² Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі 1999 жылғы 16-шілдедегі заңы.

³ Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы // www.akorda.kz